

Бағалау қызметі саласында мамандарды кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 111 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6170 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 518 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 05.05.2018 № 518 (13.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бағалау қызметі саласында мамандарды кәсіптік қайта даярлау бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық оны алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Р. Түсіпбеков

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2010 жылғы 9 сәуірдегі
№ 111 бұйрығымен бекітілген

Бағалау қызметі саласында мамандарды кәсіптік қайта даярлау бағдарламасы

1. Жалпы ереже

1. Осы бағалау қызметі саласында мамандарды кәсіптік қайта даярлау бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарлама екі "Жалпы пәндер" және "Мамандықтар топтамасы" модулдан тұрады.

3. "Жалпы пәндер" модулы мамандықтардың барлық түрлері бойынша қайта даярлау үшін міндетті.

4. "Мамандықтар топтамасы" модулы үш пәнді:

1) жылжымайтын мүлікті бағалауды;

2) жылжымалы мүлікті бағалауды;

3) зияткерлік меншік, материалдық емес активтердің құнын және мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалауды қамтиды.

2. Кәсіптік даярлау бағдарламаларының мазмұны

5. Барлық мамандықтар үшін міндетті жалпы пәндер – 20 сағат:

1) бағалау қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

2) бағалау стандарттары және оларды қолдану практикасы;

3) нарықтық баға белгілеудің микро- және макроэкономикалық негіздері;

4) бухгалтерлік есеп және аудит негіздері;

5) экономикалық талдау;

6) салық және салық салу;

7) бағалаудағы математикалық әдістер.

6. Таңдап алынған мамандық бойынша пәндер:

1) жылжымайтын мүлікті бағалау – 40 сағат:

жылжымайтын мүлікті бағалау туралы ұғымы. Құн, бағалар, шығын, құнды бағалау ұғымы. Бағалау қағидаттары. Жылжымайтын мүлік құнын есептеу негіздері;

жылжымайтын мүлік объектісін және оның орналасу ауданын талдау. Нарықтық ақпараттарды жинау және өңдеу, ұқсас-объектілерді, салыстыру элементтерін және салыстыру бірлігін таңдау;

жылжымайтын мүлікті бағалау жөнінде есептерді жасауға жалпы талап;

жер учаскелерін бағалау негіздері және әдістері;

жылжымайтын мүлік құнын шығындық амалмен есептеу техникасы;

жылжымайтын мүлік құнын салыстырмалы амалмен есептеу техникасы;

жылжымайтын мүлік құнын табыстық амалмен есептеу техникасы;

жылжымайтын мүлікті бағалауға үш тәсілді келісу;

жылжымайтын мүліктің әр түрі үшін бағалау үлгілері. Жүзу кемелерін және ұшу аппараттарын бағалау ерекшеліктері;

жылжымайтын мүліктің нарық құнының қорытынды шамасын таңдау, есеп жасау;

2) жылжымалы мүлікті бағалау – 40 сағат:

жылжымалы мүлік объектілерінің жіктелімі. Машиналар нарығының, жабдықтар мен көлік құралдарының ерекшелігі, бастапқы және қайталама нарық. Құн, баға, шығын, құнды бағалау ұғымы. Бағалау қағидаттары. Жылжымалы мүлік құнын есептеу негіздері;

объектілерді техникалық куәландыру және объектілерді сәйкестендіру, меншік құқықтарын және ауыртпалықтарды талдау, өтімділігін талдау;

жылжымалы мүлік құнын шығындық амалмен есептеу техникасы. Ұдайы өндіру немесе ауыстырудың толық құны. Машиналарды, жабдықтар және көлік құралдарын ұдайы өндіру немесе ауыстырудың толық құнын бағалау амалдары, әдістерді қолдану саласы және оларды пайдалануды шектеу. Машиналардың, жабдықтар және көлік құралдарының құнсыздануы және тозуы. Тозу түрлері. Табиғи тозуды, соралдық және сыртқы тозуды бағалау амалдары. Тозуды бағалаудың статистикалық әдістері. Әдістердің кемшілігі, оларды пайдалануды шектеу;

жылжымалы мүлік құнын табыстық амалмен есептеу техникасы. Машиналарды және жабдықтарды бағалауда табыстық амалды қолдану саласы және шектеу; оны қолдану ерекшеліктері және бизнесті (кәсіпорындарды) бағалаудан айырмашылығы;

жылжымалы мүлік құнын салыстырмалы амалмен есептеу техникасы; Салыстырмалы амалды қолдану саласы және шектеу; әдістерді қолдану дәйектілігі; салыстыру бірліктері мен элементтерін таңдау; салыстыру элементтерін талдау және түзету: меншік құқығы, қаржыландыру талабы, сату талабы, нарық жай-күйі, техникалық және экономикалық мінездемелер, жабдықты пайдалану; түзетулерді орындау техникасы;

жылжымалы мүлікті бағалауға үш тәсілді келісу;

жылжымалы мүліктің әр түрі үшін бағалау үлгілері, нарық құнының қорытынды шамасын таңдау, есеп жасау;

3) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын және мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалау – 120 сағат:

бағалау мақсаты және мәні, материалдық емес активтердің жіктемесі, бірдейлендірілетін және бірдейлендірілмейтін материалдық емес активтер;

зияткерлік меншік ұғымы, материалдық емес активке абсолюттік құқық. Зияткерлік меншік, түрлердің жіктемесі: өнеркәсіптік меншік, авторлық құқық және сабақтас құқық және зияткерлік меншіктің әртүрлі объектілерінің құқықтық қорғаудың дәстүрлі емес объектілері, материалдық емес активтердің құны. Зияткерлік меншік ұғымы. Зияткерлік меншік объектілерінің шамасына ықпал ететін факторлар, материалдық емес активтердің құны;

зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау үшін қажетті ақпараттарды дайындау. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықты растайтын құжаттарды талдау;

есептерді жасауға негізгі талаптар;

бағалау мақсатына байланысты құн түрін таңдау. Зияткерлікті меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалауға негізгі қағидаттар және амалдар;

шығындық, табыстық, салыстырмалы амалдармен есептеу техникасы;
әр түрлі түрлерді салыстырма талдау, кемшіліктерді және артықшылықтарды салыстыру, бағалау әдістерін таңдау негізі;
патенттерді және лицензияларды сату үшін бағалау ерекшеліктері.
Материалдық емес активтерді басқару;
кәсіпорынның есепке алу саясаты, материалдық емес активтерді кәсіпорын балансында көрсету. Салық салу, мемлекеттік баж және жеңілдіктер;
материалдық емес активтердің құнының қорытынды шамасын таңдау, есеп жасау;
мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалау қағидаттары. Мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалауға кірістік тәсілдеме, кірістерді капиталға айналдыру әдістері, мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалаумен байланысты тәуекелдерді жіктеу, мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалауға нарықтық тәсілдеме, акциялардың өтімділігі, капитал нарығының әдісі, мәмілелер әдісі, активтерді қорландыру әдісі, қаржылық активтерді талдау, қаржылық активтердің бағалау әдістері. Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасын бағалау, факторлардың өзара әсер етуі, ақша бірлігінің алты функциялары, ақша ағыны, дисконттау, кәсіпорынның нарықтық құны, бәсекеге қабілеттіліктің бағалау қағидаттары, нарық және оның сыйымдылығы, мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынның құны.